

В работе определены механизмы эффективной реализации стратегии корпоративной инвестиционной деятельности, инновационной стратегии как комплекса формирования новой рыночной ниши, позволяющие создать устойчивое конкурентное преимущество на рынке и снизить уровень неопределенности внешней среды. В настоящее время конкуренция создана не во всем железнодорожном секторе, а лишь в ограниченной его части - между частными компаниями. С другой стороны, в стратегическом плане дезинтеграция АО «НК «ҚТЖ» - это выбор между стабильностью и экономической эффективностью [1]. Поиск границ конкуренции, эффективно работающей на естественную монополию в сочетании с мерами государственного регулирования, необходимо рассматривать как магистральное направление стратегии реформирования казахстанских железных дорог. Геополитическое положение Казахстана делает его важнейшим элементом процессов, происходящих в мировом и субрегиональном пространствах.

#### **Выводы**

Одним из направлений специализации, наиболее органично вписывающимся в общую задачу устойчивого экономического роста, является развитие сферы транспортных услуг и, в первую очередь, услуг по организации международного транзита. В этой связи, определены основные направления дальнейшего развития транзитного потенциала железнодорожной отрасли: устранение физических и нефизических барьеров; совершенствование системы инвестирования в отрасль; совершенствование фискальной политики; содействие улучшению функционирования интеграционных объединений; совершенствование транспортной безопасности; в долгосрочной перспективе создание международных объединений.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Фляйшер К., Бенсуссан Б. Стратегический и конкурентный анализ. Методы и средства конкурентного анализа в бизнесе. М., БИНОМ, Лаборатория знаний, 2005, 54 с.

**УДК 338.41**

**Нұрғалиева Гүлнар Қазыбекқызы – э.ғ.к., доцент (Алматы, ҚазККА)**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨЛІК КЕШЕНІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ**

Мемлекеттің нарыққа кіру шегі нарықтағы тұрақсыздық жағдайдағы мемлекеттің қаншалықта нақты әрекет етуімен өлшенеді. Бұл салаларда мемлекеттің араласу шегі экономикалық мүмкіндіктермен және қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерімен анықталуы тиіс [1]. Мемлекеттің реттеушілік қызметінің айрықша салалары да бар. Бірінші кезекте, халықаралық нарықтағы ұлттық экономика мүдделерін қорғау жайында болып отыр. Ол капитал, жұмыс күшінің миграциясын бақылау, елдің төлем балансын қамтамасыз ету, валюта бағамын ұстап тұру және ақша айналымын ұйымдастыру және т.б. жөніндегі шаралардан тұрады [2].

Тұрақты, қолайлы және бәсекеге қабілетті экономикалық ортаны қалыптастыру мемлекеттік реттеудің басты мазмұнын құрайды. Әлемде экономикалық қызметтің тұрақты, қолайлы (қолдаушы) және бәсекеге қабілетті шарттарын құруға мемлекеттің күш салуын шоғырландыру тенденциясы үстемдік етеді [3]. Мемлекет нарықтық субъект ретінде адамдардың бірлескен қызметін және олардың өзара қатынастарын ұйымдастыратын, бағыттайтын және бақылайтын экономикалық және

саяси жүйелердің негізгі институтына айналады. Басқа субъектілерге қатысты мемлекет оған шаруашылық агенттерінің ішінде ерекше орынды иеленуге мүмкіндік беретін белгілі бір мәртебеге ие болады:

- біріншіден, елдің ішіндегі егемендікпен - мемлекеттік биліктің үстемдігімен және оның аумағынан тыс тәуелсіздікпен баяндалады. Мемлекет өз аумағында жоғары және шексіз билікке ие, сондықтан ол талаптары басқа барлық агенттер үшін міндетті болып келетін нарықтық экономиканың жалғыз субъектісі;

- екіншіден, мемлекет нарықтық құрылымдардың тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ететін нормалардың орындалуы үшін міндетті заңдар мен құқықтық актілерді шығарудың монополиялық құқығына ие;

- үшіншіден, мемлекет халық пен кәсіпкерлік саладан салықтар мен алымдар жинаудың, үй шаруашылықтар мен фирмалар табысының бір бөлігін мемлекет пен әлеуметтік саланың пайдасына қайта бөлудің монополиялық құқығына ие;

- төртіншіден, республиканың көлік кешенін қоса алғанда, экономиканың барлық салаларын реттеу құқығына ие [4].

Реттеу нарықтық экономиканың жағымсыз салдарын барынша азайту; нарықтың қызмет етуінің және сыртқы экономикалық қызметтің құқықтық, қаржылық негіздерін құру; халықты әлеуметтік жағынан қорғауды қамтамасыз ету мақсаттарын көздейтін мемлекеттің жан-жақты қызметін білдіреді. Ресей ғалымдары Ф.М. Русинов пен Е.Г. Ясин мемлекеттің жалпы реттеуші функцияларын: құқықтық, өндіру-технологиялық, бәсекелестікті қорғау, тұрақтандыру, болжау функцияларын бөліп көрсетеді [5, 6]. Мемлекеттің экономикалық рөлі нарықтық экономикалы көптеген елдерде келесі нақты экономикалық функциялармен берілген [7, 8, 9]:

1) Шаруашылық заңнамасын әзірлеу, оның салалық және өңірлік құрылымына сәйкес мемлекеттік саланың көлеміне сай нарықтық экономиканың тиімді қызмет етуіне ықпал ететін әлеуметтік климат пен құқықтық негізді қамтамасыз ету. Мемлекеттің міндеті – жоғары экономикалық тиімділікке қол жеткізуді қоғамның барлық таптары мен топтарының алдындағы әлеуметтік жауапкершілікпен үйлестіруге мүмкіндік беретін оның тиімді өлшемдерін табу және ұстап тұру.

2) Құқықтық функция мемлекеттік қорғауды қажет ететін шаруашылық субъектілерінің арасындағы едәуір маңызды қатынастарды реттеуге арналған өмірдің қоғамдық институты болып табылады. Бұл жерде экономикалық агенттің мәртебесін ресімдеу, шаруашылық ету нормалары мен ережелерін белгілеу, басқарудың ұйымдастыру құрылымын қалыптастыру, меншік қатынастарын реттеу, кәсіпорынды құру және тарату ережелерін нақтылау және т.б. жайында сөз болып отыр.

3) Өндіру-технологиялық функция ұдайы өндіру процесінің қалыпты жүруін негіздейді, ол өндірісті қажетті ресурстармен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға, адамдарды материалдық және рухани игіліктермен қанағаттандыруға, сондай-ақ білім алу, оқу және өмір сүру үшін жағдайлар жасауға сайып келеді. Дербес қосалқы функциялар ретінде мына екеуін алып қарауға болады: табыстар мен ресурстарды қайта бөлу. Олардың ерекше маңыздылығы мемлекеттік реттеуді қажет етуінде, себебі нарықтық механизм өз бетімен оларды шеше алмайды.

4) Бәсекелестікті қорғау функциясы бәсекелестікті қорғау мен күшейтуге арналған құқықтық нормалардың жиынтығы арқылы монополияға қарсы саясат бойынша тиісті заңнамаларда жүзеге асырылады. Функция бағалардың өзгеруін бақылау жөніндегі әкімшілік және ұйымдастыру шаралары, бағалық дискриминацияның болуы, бірігу және бірін бірі жұту арқылы жүзеге асырылады;

әрбіреудің нарықтағы тауарларды сатудың жалпы шарттарына әсер ету мүмкіндігі шектеледі және жүйелі түрде нарықтарды либерализациялау, салаға жаңа бәсекелестердің кіруіне кедергі келтіретін кедергілерді азайту немесе жою, шағын бизнесті дамыту, кедендік баж салықтарын азайту, жеңілдіктер мен лицензияларды алып тастау және т.б. арқылы тұтынушыларға қажетті тауарларды өндіру ынталандырылады. Осындай шараны жүргізу нәтижесінде сала монополияландырылған болмайды, ол ресурстардың тиімсіз бөлінуінің азаюына алып келеді.


5) Тұрақтандыру функциясы экономикалық өсімді, жұмыспен толық қамтылуды және бағаның тұрақтануын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің маңызды қызметі болып табылады. Мұндағы негізі мәселе өндіріс көлемін арттыру үшін нарықтық экономика қамтамасыз ете алмайтын жиынтық шығындардың өсімі қажет. Жұмыспен толық қамтылуды қамтамасыз ету үшін мемлекет өзінің жиынтық шығындары мен жеке меншік саланың шығындарын арттыру арқылы жиынтық шығындарды көбейтуі қажет. Бұл процесті ынталандыру үшін салық салу мөлшерлемелерін төмендету керек. Инфляциялық экономика болған жағдайда үкіметте диаметралды қарама-қарсы мақсат пайда болады – шығындарды азайту. Бұған мемлекеттік сатып алуды қысқарту және жеке меншік салаға салынатын салықтарды арттыру арқылы қол жеткізіледі.

б) Болжау функциясы перспективалық әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарын анықтайды (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді). Олар экономиканың дамуын болжау, қозғалыс тенденциялары мен бағыттарын анықтау, нарықтық шауарышылық жүргізу механизмдерін қалыптастыру, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және жұмыссыздықты реттеу негізінде дайындалады (1-сурет) [10].

Осы функцияны жүзеге асыру барысында мемлекет үйлестіруші рөл атқарады, яғни орталық қоғамның экономикалық және әкімшілік-шаруашылық құрылымдар арасындағы өзара әрекет етудің ыңғайлы жүйесін қалыптастырады. Мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру үшін стратегиялық мақсаттарды орындауға арналған негізінен экономиканың басқа да саларына ұқсас келетін ақша-несие, құндық және салық, кеден және басқа да құралдар мен реттеу әдістерін қамтитын әсер етудің белгілі бір механизмі пайдаланылады.

Қазақстандағы көлік кешенін мемлекеттік реттеудің қарастырылып отырған механизмі мемлекет көлік кешенінің дамуына бақылау жасаудың белгілі бір негізгі функциясын өзіне сақтап қалады.

Басқару субъектісінің объектіге әсер ету тәсілі ретінде реттеу әдістері өзара тығыз байланысты экономикалық және әкімшілік болуы мүмкін. Кез келген экономикалық әдісте әкімшілік жүргізу элементтер болады, себебі ол мемлекеттік билік құралы, демек барлық шаруашылық жүргізу субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады. Әкімшілік әдістерге келетін болсақ олар бір уақытта экономикалық сипатта болады, себебі олардың әрекет ету саласы – экономикалық жүйе. Сонымен бірге экономикалық әдістер субъектіге ішінен оңтайлысын таңдауға мүмкіндік беретін көптеген варианттар ұсына отырып, таңдау бостандығын шектемейді. Әкімшілік әдістерге келетін болсақ олар таңдау еркін барынша азайтады, әкімшілік ету бәсекелестікті нығайтады. Бұл монополияға қарсы заңдылықтың орындалуына; сыртқы эффектердің реттелуін (кәсіпорындарды жабу, өнідіріс көлемін азайту, ерекше салық түрлерін енгізу); халықтың әл-ауқат стандарттарының қамтамасыз етілуін (ең төменгі жалақы, жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақылар және т.б.) бақылау.



1-сурет. Қазақстан Республикасының көлік кешенін мемлекеттік реттеу механизмі

Экономикалық реттеу әдістері *бюджет-салықтық, несие-ақшалай* және басқа да әдістерден тұрады. Біріншісіне мемлекеттік шығындар, салықтар, жеңілдіктер, трансферттік төлемдер, субсидиялар, яғни мемлекеттік бюджет базасында жүзеге асырылатын төлемдер жатады. Екіншісі ақша бірліктерінің эмиссиясы, банкаралық пайыз мөлшерлемелерін реттеу, ашық нарықтағы операциялар, міндетті резервтер нормаларын, сондай-ақ валюта бағамын пайдаланудан тұрады. Экономиканы әкімшілік тікелей реттеу әдістерін талдау олардың арасынан екі дербес топты бөліп алуға мүмкіндік береді: әкімшілік-экономикалық және әкімшілік-ұйымдастыру құралдары. Біріншілері орталықтан жоспарлауды, баға қалыптастыру механизмін, мемлекеттік тапсырыс (сатып алу) жүйесін және т.б. білдіреді. Мәні бойынша бұл әкімшілік әдістер нақты экономикалық мазмұнға ие. Екінші топ міндеттеуші сипатқа ие жарлықтардан, бұйрықтардан, өкімдерден, нұсқаулардан және т.б. тұрады.

Мемлекеттік реттеудің көпшілік құралдарының екі жақтылығы мен қарама-қайшылығын ескере отырып, кез келген әсердің әлеуметтік мұрагерлігін бақылап отыру керек. Мәселен,

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар қайта бөлуге, жұмыспен қамтуға, халықаралық бәсекелестікке кері әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда аталған мәселелер «мемлекеттік реттеу» ұғымын – қоғам дамуының басымдықтары мен мүдделеріне сәйкес келетін шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесі тепе-теңдік дамуының экономикалық-әкімшілік механизмінің әдістері мен құралдарын қалыптастыру және пайдалану ретінде нақтылауға мүмкіндік береді.

Осындай тұжырымдамадан шыға отырып, экономика салаларын мемлекеттік реттеу моделіне қойылатын негізгі критерийлер мен талаптарды қалыптастыруға болады. Мемлекеттік реттеу, атап айтқанда, көлік кешенін реттеу мемлекеттің және оның органдарының дағдарысқа қарсы реттеуді қоса алғанда, көлік пен көлік тасымалын дамытуға, мемлекеттік транзиттік көліктік әлеуетін арттыруға бағытталған қолайлы жағдайлар жасауға негізделген экономикалық, құқықтық және әкімшілік-басқарушылық шаралар кешенін білдіреді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Мамыров Н.К., Ихданов Ж. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана. Алматы, Экономика, 1998, 248 с.
2. Каренов Р.С. Основы государственного регулирования экономикой. Алматы, Білім, 1999, 256 с.
3. Кушлин В.И. Государственное регулирование экономики: цели, теоретические модели, практика //М., Экономист, 1995, № 2.
4. Дуглас Н. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики. М., Фонд экономической книги «Начала», 1997, 561 с.
5. Русинов Ф.М. Основы государственного управления смешанной рыночной экономики. М., 1996, 224 с.
6. Ясин Е.Г. Функции государства в рыночной экономике //М., Вопросы экономики, 2001, № 5, с. 21-24.
7. Дорнбуш Р., Фишер С. Макроэкономика. М., Инфра-М, 1997.
8. Пигу А. Экономическая теория благосостояния. М., Прогресс, 1985.
9. Роль государства в становлении и развитии рыночной экономики /Материалы научно-практической конференции. М., 1998, с. 112-115.
10. Касымбек Ж. М. Государственное регулирование развития транспортного комплекса Республики Казахстан. Автореф. На соис. уч.с., Алматы, 2009.

**УДК 338.41**

**Нұрғалиева Гүлнәр Қазыбекқызы - э.ғ.к., доцент (Алматы, ҚазККА)**

#### **КӨЛІК САЛАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МОДЕЛЬДЕРІ**

Жалпы экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталған темір жолдарды қайта ұйымдастырудың қарапайым міндеттері келесі бағыттардан тұрады:

- басқару қызметін күшейту;
- темір жолға нарықтық жағдайларға бейімделген коммерциялық кәсіпорын ретінде қызмет ету мүмкіндігін беру;
- көліктің басқа түрлерімен салыстырғанда темір жолдың бәсекелестік позициясын, сондай-ақ сала ішіндегі бәсекелестікті күшейту;
- темір жолдағы жеке меншік саласының рөлін арттыру;
- темір жолдар бюджетінің тапшылығын және мемлекеттік дотацияларды азайту;
- жоспарлаудағы әлеуметтік маңызды сәттерді көтермелеу;
- қаржылық ресурстарға жауапкершілікті бөлу негізінде барынша нақты басқарушылық ақпаратты алу және бағалау.